

Қылышбай П.Қ.
**Қазақстан Республикасының
заңнамасы бойынша
міндеттемелерді
орындау негіздері**

Kylyshbay P.K.
**Bases of fulfillment of obligations
under the laws of Republic
Kazakhstan**

Кылышбай К.П.
**Основы исполнения
обязательств
по законодательству
Республики Казахстан**

Бұл мақалада Қазақстан Республикасында міндеттемелердің орындалу жағдайларын реттейтін негізгі ережелер сипаттамасы берілген. Сараптама нәтижесінде автор міндеттемелерді орындау принциптері, пәні, жері, мерзімі және тәсілдерін атап өтеді.

Түйін сөздер: міндеттеме, міндеттемені орындау, ақшалай міндеттеме, міндеттемені орындау пәні, міндеттемелерді орындау тәсілдері.

This article provides a description of the basic rules governing the conditions of the fulfillment of obligations in the Republic of Kazakhstan. As a result of analysis, the author observes the principles, object, place, time and methods of performance.

Key words: obligation, fulfillment of obligation, pecuniary obligation, object of fulfillment of obligation, methods of performance of obligations.

В данной статье приводится характеристика основных правил, регулирующих условия исполнения обязательств в Республике Казахстан. В результате анализа автор отмечает принципы, предмет, место, срок и способы исполнения обязательств.

Ключевые слова: обязательство, исполнение обязательства, денежное обязательство, предмет исполнения обязательства, способы исполнения обязательств.

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢНАМАСЫ
БОЙЫНША
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ
ОРЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ**

Міндеттемелерді орындау дегеніміз борышкердің алған міндеттемесіне сай белгілі бір әрекетті жасауы немесе несие берушінің талап етуі құқығына сәйкес оқшау әрекеткердің жасауды тоқтата тұруы. Міндеттемені орындау көбіне-көп борышкердің белсенді әрекетінен, не әрекетін кейде тоқтата тұруынан көрінеді.

Міндеттемені орындаудың алдына қоятын мақсаты болады. Міндеттемені орындау арқасында азаматтардың, заңды тұлғалардың, мемлекет пен қоғамның тұтастай алғанда материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға қол жеткізіледі. Міндеттемені тиісті дәрежеде орындау оның тоқталуына әкеледі.

Міндеттемені орындаудың құқықтық тәртібі АҚ-нің 272-291 баптарында, міндеттеменің жекелеген түрлерін реттейтін (мысалы, сатып алу-сату, жеткізу, келісім-шарт, электр және жылу энергиясымен қамтамасыз ету, жалға беру, мердігерлік және т.б.) нормативтік актілерінде бекітілген [1, 321 б.].

Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан бір жақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді [2, 273-бап].

Міндеттемені орындау Азаматтық кодексте бекітілген принциптерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Оған міндеттемені тиісінше орындау принципі (272-бап) және нақтылай орындау принципі (354-бап) жатады.

Міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс [2, 272-бап].

Бапта тиісінше орындалу принципі айтылған, яғни, ол – тиісті борышкердің, тиісті несие берушіге, тиісті мерзімде, тиісті орында, тиісті затқа қатысты және тиісті тәсілмен орындауы.

Міндеттеме тиісінше орындалды деп саналады, егер орындау нысанына, субъектілерге, орнына, мерзіміне және орындау тәсіліне қатысты барлық шарттар мен талаптар орындалған болса.

Тиісінше орындау принципін жүзеге асырудың нақты тәсілдерін АҚ ашпайды, ол міндеттеме шарттарына және заңнама талаптарына, ал ондай шарттар болмаса – іскерлік айналым

талаптарына немесе өзге әдетте қойылатын талаптарға сілтеме жасайды.

Нарықтық қатынастардың келуіне байланысты тиісінше орындауға қойылатын талаптардың көпшілігін шарттағы тараптардың өздері анықтайды. Сондықтан АҚ-да айтылатын міндеттемелердің шарттары тиісінше орындауды анықтаудың жиі қолданылатын тәсілі болып табылады.

Заңнама тиісінше орындаудың талаптарын императивті белгілей алады, яғни біржолата, үзілді-кесілді, басқа нұсқаларға жол бермейді. Тараптар бұл талаптарды өзгерте алмайды. Бірақ заңнамада да талап диспозитивті берілуі мүмкін, яғни тараптардың өзге ережелер қабылдауына мүмкіндік беріледі (мысалы, өнімді жеткізу шарты бойынша жөнелту тәсілдері). Бұл ретте, егер тараптар шартта өзгедей жағдайлар қарастырмаса, заңнама талабы қолданылады.

Заң актілерінде әкімшілік актілерінің талаптарын орындау міндеті белгіленген жағдайда, тараптар тиісінше орындау үшін осы актілерде белгіленген талаптарды сақтауы тиіс.

Іскерлік айналым дағдысының міндеттемелерін орындағанда қолданудың ең жарқын мысалы ИНКОТЕРМС ережелері болып табылады, ол халықаралық сатып алу-сату шарттарын орындағанда ұдайы қолданылады.

Әдетте қойылатын талаптар, көбіне, орындау нысаны болып табылатын тауар, жұмыс және қызмет сапасын анықтағанда қолданылады. Бұл талаптар заңнамада немесе шарт белгілі бір тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің белгіленген сапа стандарттары болмаған жағдайларда қолданылады. Сондай немесе ұқсас тауарларға, жұмыстарға немесе қызметтерге (түріне, сортына, т.б.) әдетте қойылатын талаптар қолданылады.

Тиісінше орындау барлық реттерде міндеттемені тоқтатады және борышкерді міндетін орындаудан босатады. Тиісінше орындауға несиені берушіге міндеттеменің нақты орындалуын (АҚ-ның 354-бабының 1-тармағы) және азаматтық-құқықтық жауапкершілік шараларын қолдануды талап етуге негіз береді.

Нақты орындау принципі АҚ-ның 354-бабында келтірілген және оның мәні – залалдың өтелгендігіне қарамастан міндеттемені заттай орындау керектігінде (яғни, міндеттеменің нысаны болып келетін сол әрекеттерді жасау). Сонымен қатар бұл заттай орындау принципінің қолданылуын бұрынғы заңнамамен салыстырғанда қатты шектеді. Тиісінше орындамаған жағдайда тұрақсыздық айыппұлын төлеу және шығындарды өтеу борышкерді міндеттемені орындаудан босатпайды, яғни нақты орындау принципі күшінде болады. Бірақ міндет-

темені орындауға жағдайында шығынды өтеу және тұрақсыздық айыппұл төлеу борышкерді міндеттемені заттай орындаудан босатады, яғни кері принцип қолданылады.

Екі принцип те диспозитивтік сипаттағы жалпы ереже ретінде қолданылады, бірақ заң актілері мен шартта өзгедей көзделуі мүмкін [3,609-611 б.].

Міндеттемені орындау пәні – борышкер міндеттемеге сәйкес несиені берушіге беруге, орындауға немесе көрсетуге тиісті зат, жұмыс немесе қызмет. Пәнге қойылатын тиісінше талап сапа және сан ұғымы арқылы көрініс табады. Сапа шартқа сәйкес анықталады.

Орындау пәні, бұл – мүлік. Орындаудың негізгі пәні ретінде заттар есептеледі. Орындау пәні зат емес мүліктер де, атап айтқанда, міндеттемелік құқық та, интеллектуалдық меншік те болуы мүмкін. Орындау пәні өзіне затты да, талап қою құқығын да, борыштарды да қамтитын мүліктік кешен болуы мүмкін [3, 611 б.].

Міндеттемені тиісінше орындау үшін, борышкер міндеттемеде көрсетілген пәнді орындауға тиіс, пәнге қойылатын талаптар шартта көрсетіледі. Ал, олай болмаған жағдайда дәстүрлі құқықпен шешіледі [1, 325 б.].

Міндеттемені орындау пәніне қатысты айрықша талаптар ақшалай міндеттемелерді орындауға қойылады.

Ақшалай міндеттеме Қазақстан Республикасы аумағында теңгемен көрініс табуы тиіс [2, 127-бап]. Міндеттемелер бойынша есеп-қисапты ҚР-дың аумағында жүзеге асырғанда шетел валютасын, сондай-ақ шетел валютасындағы төлемдік құжаттарды пайдалануға ҚР-дың заң актілерінде анықталған реттерде және жағдайларда немесе оларда белгіленген тәртіптерде жол беріледі. Ақшалай міндеттемеде борыш шетел валютасы түріндегі белгілі бір сомаға тең теңге түріндегі сомада төленуге тиіс екендігі көзделуі мүмкін. Бұл жағдайда теңгемен төленуге тиісті сома Ұлттық Банктің тиісті шетел валютасы үшін төлем күні белгіленген ресми бағамы бойынша не тараптардың келісімімен белгіленген өзге бағаммен айқындалады.

Егер ақшалай міндеттеме бойынша жасалған төлемнің сомасы барлық борышты өтеу үшін жеткіліксіз болса, онда өтеу мына тәртіпте жүргізіледі: бірінші кезекте – несиені берушінің борышкерден орындауды алумен байланысты шығыны. Екінші кезекте тұрақсыздық үшін айыппұл төленеді, ол төлеу мерзімінің өткені үшін өсімақы болып табылады және мүліктік жауаптылықтың бір түріне жатады. Үшінші кезекте сыйақыны өтеу жүргізіледі. Ең соңында негізгі борыштың сомасы өтеледі. [3,612 б.]

Ал, егер міндеттемеде ол орындалатын мерзім көзделмесе және бұл мерзімді анықтауға мүмкіндік беретін шарттар болмаса, ол міндеттеме пайда болғаннан кейін ақылға қонымды мерзімде орындалуға тиіс. Ақылға қонымды мерзімде орындалмаған, сол сияқты орындалу мерзімі талап етілетін кезең белгіленген міндеттемені, егер заңдарды, міндеттеме шарттарынан, іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтардан және міндеттеме мәнінен басқа мерзімге орындау міндеті туындамаса, борышкер несие беруші оның орындалуын талап еткен күннен бастап жеті күн мерзімінде орындауға міндетті. [2, 277-бап].

Міндеттеме орындалатын жер – борышкердің заттарды тапсыратын, жұмысты атқарып, қызмет көрсетіп, ақша төлейтін, ал несие берушінің тиісінше орындалғанын қабылдайтын орын. Мәселен, үйді жөндеп, еденді тазалау, терезені сұрту тек үй тұрған жерде ғана жүзеге асады [1,327 б.].

Міндеттемені орындау тәсілі – міндеттеменің орындалуы үшін жасалынуы тиіс әрекеттердің сипаты, борышкердің міндеттемені орындау жөніндегі әрекеттерінің жасалу тәртібі. Орындау тәсілі, әдетте, нақты шарттың жағдайларымен немесе шарттардың кейбір түрлерін реттейтін заңнамамен анықталады.

Міндеттеме орындау бір жолғы (заттың құнын толықтай төлеу) немесе несиеге алған мүлктің құнын жабуы, почта, көлік құралдарына төлеу тәрізді мерзімді түрде әрекет ету болып жүзеге асады. Кейбір міндеттемелер тұтастай және бөліктей орындалуы мүмкін (мысалы, қарыз шарты бойынша қарызды қайтару). Сонымен бірге, егер міндеттеме шартында, заңдарда өзгеше белгіленбесе және іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарды және мәнінен өзгеше туындамаса, несие беруші міндеттемені бөлшектеп орындауды қабылдамауға құқылы.

Борышкер заңда қаралған ретте нотариат кеңсесіне және соттың депозитіне қарызды тапсы-

руы міндеттемені орындағаны болып есептеледі.

АҚ 291-бабына сәйкес борышкер ақша соммасын және бағалы қағаздарды нотариус пен соттың депозитіне салу құқығына ие. Егер:

1) несие беруші және орындалған істі қабылдауға өзі уәкілдік берген адам міндеттеме орындалуға тиісті жерде болмаса;

2) несие беруші әрекет қабілетсіздігі болып және оның өкілі болмаса;

3) міндеттеме бойынша, атап айтқанда бұл мәселе жөнінде несие беруші мен басқа да адамдар арасындағы дауға байланысты несие берушінің кім екені жайында айқындық болмаса;

4) несие берушінің орындалған істі қабылдаудан жол тартуы және өз тарапынан мерзімін өткізіп алуына байланысты борышкердің міндеттемені орындай алмаса, онда борышкер міндеттемелерін орындау үшін өзінен алатын ақшаны депозит шарттарынан, ал бағалы қағаздарды нотариустың атына сақтау шарттарына, ал заң құжаттарымен белгіленген жағдайларды соттың атынан орналастыруға құқылы. [1, 328-329 б.].

Міндеттемелер заң талаптарына, міндеттеме шарттарына, іскерлік айналым әдет-ғұрпына және өзге де қойылатын талаптарға сәйкес орындалуы тиіс. Тиісті негізде орындалуға қойылатын талаптар әр түрлі болуы мүмкін, атап айтсақ, орындау тиісті мерзімде, тиісті орында, тиісті әдіспен жүзеге асырылуы тиіс. Міндеттемені орындау шарттары тек тараптардың келісімі бойынша немесе заңда бекітілген негіздер бойынша өзгертілуі тиіс.

Міндеттемелер белгілі бір нәтижеге жету үшін, несие беруші мен борышкер арасында белгілі бір құқықтар мен міндеттерді құрайтын міндеттемелер негізінде жасалады. Аталып өткендей, міндеттемелерді орындау көбіне-көп борышкердің белсенді әрекетінен, не әрекетін кейде тоқтата тұруынан көрінеді. Міндеттемелерді орындаудың негізгі ережелері міндеттемелерді орындаудың принциптеріне тікелей байланысты.

Әдебиеттер

- 1 Төлеуғалиев Ғ.И. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы. – Алматы: ҚазМЗА, 2001. – 380 б.
- 2 ҚР Азаматтық Кодексі. – Алматы, 2014. [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (10.12.15)
- 3 Азаматтық құқық. ЖОО арналған оқулық. Өңделген және толықтырылған 2-басылымы. Орысшадан аударғандар: С.Әжібаев, Қ.Байділдаулы / Жауапты ред.: М.К.Сүлейменов, Ю.Г.Басин. – Алматы, 2003. – I том. – 736 б.

References

- 1 Toleugalyev G.I. Kazakhstan Respublikasynyn azamattyk kuckygy. – Almaty: RazMZA, 2001. 380 b.
- 2 KR Azamattyk Kodeksi. – Almaty, 2014 [Elektronnyy resurs]. – Kiru rezhimi: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (10.12.15)
- 3 Azamattyk kukuk. I tom. ZHOO arналған оқулық. Оңделген және толықтырылған 2- басылымы. Орысшадан аударғандар: s.Azhibayev, K.Baidildauly. Zhaupty red.: M.K. Suleimenov, U.G. Basin. – Almaty, 2003. – 736 b.